

Ленин тууы

ҚК(С)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, өңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(С)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
26-шы жыл
№ 237
(6938)
1944 жыл
Сәрсенбі
29 ноябрь
Жеке саны
20 тыйын

Көктемгі егіске үлгілі әзірленейік

Сталин жолдас Улы Октябрь социалистік революциясының 27 жылдығы туралы тарихи баяндамасында жауды жеңу кін ел ішінде шыңдап жатқан колхозшы шаруалардың қажірлі еңбегіне жоғары баға берді. Сөйтіп колхозшы шаруаларымыз тағы да жаңа даңққа ие болды. Колхозшы шаруалар отан соғысы күндерінде ардақты Отанымызға шексіз берілгендігін, майдандағы батыр Қызыл Армиямызға барлық күші мен қаржысын көмекке жұмсайтындығын, неміс қарақшыларды біржолата жойып, Берлин үстінде жеңіс туының салтанатпен тігілуін тездету жолынан өздерінің малын да, жанын да аямайтындығын көрсетті.

Колхозшылардың аябай күш жұмсауы арқасында Қызыл Армиямыз бен еліміз азық-түлік жағынан, өнеркәсібіміз шикізат жағынан тапшылық көрмей отыр. «Колхозшы шаруаларымыз өздерінің отан алдындағы борышын толық түсініп, Қызыл Армияның жауды жеңуіне белсенділікпен жарымдесуде». (И. Сталин).

Кемеңгер көсеміміздің колхозшылардың еңбегіне лайық жоғары баға беруімен өрленген социалистік егін даласының қызметкерлері өздерінің Отанымыз бен майдан алдындағы азаматтық борышын абыроймен орындайтындығы жөнінде серт берді. Мұнымен қатар, олар еңбек майданында жаңа табыстарға жету, ауыл шаруашылық жылын ойдағыдай аяқтау, мемлекет алдындағы бірінші парызды мүлтіксіз орындау, мал басын көбейтіп, оның өнімін арттыра бері, жеңіс қорына жоспардан тыс астық тапсыру және келесі жылдың көктемгі егісіне үлгілі әзірленіп, мол егіннің берік негізін жасау жөнінде ұлғайтылған міндеттемелер алды.

Колхозшылар серті—берік серт. Берген сертті, алған міндеттемені ойдағыдай орындау — колхозшы шаруаларымыздың дәстүріне айналған іс. Сондықтан да олар міндеттемелерін іс жүзінде орындай отырып, алдағы көктемгі егіске әзірлік жұмысын қазірдің өзінде қолға алып отыр. Егіннен тұрақты мол өнім, соғыс уақытының талабына сай өнім алу жолындағы күрес қазіргі кезеңнен басталатындығын олар жақсы біледі.

Егіннен мол өнім алу жолындағы жұмысымыз бен күресіміздің жемісті болуы үшін көктемгі егіс жұмыстарына сақадасай даярлықпен кірісіп, оның үлгілі өткізуді қамтамасыз ету ісіне барлық күш-құралды жұмылдыру қажет. Бұл жұмыста бейғамдық, кідіршілік болмауға тиіс. Көктемгі егіске әзірлікте әрбір жұмыс күні өнімді пайдаланылуы керек.

Алдымызда зор міндет тұр. Істелетін жұмыс көлемі жағынан да, көптігі жағынан да алуан-алуан әрі күрделі. Егіс тұқымы толық күйіліп, оның өнгіштік саны арттырылуы керек. Барлық тракторлар, соқа-саймандар, жегу әбзелдері тү-

гел жөнделуге тиіс. Күш-көлігі тыйлауды рылып, оның қоны арттырылуы керек. Әрбір колхоздың, бригаданың және егіннен мол өнім алушы звеноның күн ілгері жасалған нақтылы жұмыс жоспары болуға тиіс. Көктемгі егіс кезінде әрбір бригаданың мәдени дала қосы болуына, колхозшылар арасында көпшілік-саясат, мәдениет ісінің тығыздықты жүргізілуіне қазірден бастап әзірлік жасау қажет.

Тұқым—мол егіннің негізі. Сондықтан да егіс тұқымы жөнінде қамқорлық жасау—ең басты міндет. Тұқым толық күйілумен қатар, дер кезінде тазартылып, өнгіштігі тексерілуге, мұқият сақталуға тиіс. Дегенмен, жұмыстың бұл саласына облысымыздың кейбір колхоздарында көңіл бөлінбей келеді. Барлық күйілген тұқымның осы уақытқа дейін 186 мың центнері ғана еленіп, тек 22 мың центнері тазартылды. Тұқым тазартатын машиналардың көпшілігі әлі жөнделген жоқ. Бұл басқа заттардан тазартылмаған тұқымның өнгіштігі кем болатындығын, түрлі кеселге тез шалдығып, бүлінетіндігін ескермегендіктен болып отырған кемшілік.

Облысымызда ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын жөндеу жұмысы да айтарлықтай емес. Тіпті бұл жөнінде облыстық жер бөлімі ешбір дерексіз отыр. Бұл оның машина-саймандарды жөндеу мәселесімен шұғылданбағандығын сипаттайды. Бірсыпра колхоздарда түрлі құрал-саймандар далада қар астында жатыр. Оларды ұста дүкендеріне жеткізіп, жөндеу жұмысы әлі қолға алынған жоқ. Бұл сыяқты елеулі кемшілікті дереу жою керек.

Тракторларды жөндеу жұмысының қарқыны мүлде баяу. Айлық жоспар орындалмай келеді. Бірсыпра МТСтардың басшылары «бөгде себептерді» бетке ұстап, жұмысты кешеуілдетіп отыр. Олар өздерінің бұл қылығымен егіс жұмысына мұқсан келтіретіндігін сезбей отыр.

Тракторлармен қатар көлік күші неғұлым дұрыс, толық пайдаланылса, егіс жұмысының сапалы әрі табысты болатындығы көпке мәлім. Сондықтан күш-көлігі жақсы күтіліп, тыйландырылуға тиіс. Бұл жөнінде комсомол мүшелері мен колхоз жастарының ерекше қамқорлық жасауы керек.

Партия, совет, комсомол ұйымдары, жер орындары, колхоздардың, МТСтар мен совхоздардың басшылары жұмыста болған кемшілікті дереу жойып, көктемгі егіске мінсіз әзірлену ісін қамтамасыз етуге, механизация қызметкерлерін дайындау ісін ерекше көңіл бөлуге міндетті.

Көктемгі егіске барлық жағынан мүлтіксіз әзірленіп, егіс жұмысын майдандағыша өткізуге, сөйтіп, мол егіннің берік негізін жасауға қазір барлық күш-қаржы жұмсалатын болсын.

СТАЛИНГРАДТЫҢ ТРАКТОР ЗАВОДЫ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫ АРТЫҒЫМЕН ОРЫНДАДЫ

Сталинградтың трактор заводы продукция өндірудің жылдық жоспарын артығымен орындады. Трактор жасаушылар Магнитогор және Кузнецкі жұмысшыларының шақыруына жауап ретінде, төртінші тоқсанда, үшінші тоқсандағыға қарағанда, үш есе көп трактор жасап шығаруға, трактор

жасап шығарудың тоқсандық жоспарын үш процент артық орындауға, дизель моторлары мен тракторлар үшін жоспардан тыс қосалқы бөлшектер өндіруге және өз күштерімен жалпы көлемі 5 мың текшеметрлік үйлер салуға міндеттенді.

(ТАСС).

Интеллигенциямыз техника мен мәдениет жөнінде жаңалықтар табу жолымен батыл алға басуда, қазіргі дәуірдің ғылымын ойдағыдай ілгері өркендетуде, бұл ғылымның табыстарын Қызыл Армия үшін қару-жарақ жасау ісіне тапқырлықпен қолдануда. Совет интеллигенциясы өзінің жемісті еңбегімен жауды талқандау ісіне баға жетпес көмек көрсетті.

И. СТАЛИН.

Совет Хабаршы бюросынан

27 НОЯБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕГІ

27 ноябрьде Чехословакия жерінде әскерлеріміз 50ден аса елді жерлерді, оның ішінде ДОЛГОНЯ, СВИДНИЧКА, КРУЖЛОВА, КАТИШОВА, ЛАДОМИРОВА, ШЕМЕТКОВЦЕ, МАЛЫЙ және ВЕЛИКИЙ ТАШКОВЦЕ, НИЖНЯЯ ОЛЬКА, ГРАБОВЕЦ, НАЦИНА ВЕС, МИШКОВЦЕ, ГАТАЛОВ, ДУБРОВКА, ОБОРИН, СЕН-КЕШ қыстақтары мен РАДВАНЬ, КОЛКОВЦЕ, ВЕЛИКИЙ ГИРЕШ, СТРАЖНЕ, темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

26 ноябрьде әскерлеріміз немістердің 21 танкін қыйратты, жойды.

Чехословакияда әскерлеріміз ұрыс сала отырып, 10 километрдей алға бақты. Гуманно қаласының солтүстік жағында темір жолдың көп жері немістерден тазартылды. Дүшпан кері негізін бара жатып желдарға мина қойып, көпірлерді талқандады. Совет жаяу әскерлері таулардан және көптеген өзендерден өтіп, гитлершілдерді тықсырып, қудалауда. Сөйтіп оларды адам күші және техника жағынан орасан көп шығынға ұшыратуда. Әскерлеріміз Лаборец өзенінен өтіп, оның батыс жағалауындағы бірсыпра қыстақтарды алды. Немістердің 470 солдатты мен офицері қолға түсірілді. Жаудан 15 зеңбірек, 35 миномет тағы басқа олжа қолға түсірілді.

Ужгород қаласының батыс жағында бөлімдеріміз су басқан ойпат жер алабында шабуыл жасап барады. Совет бөлімшелері жердің лайсан болып, жолдың бузылуына қарамастан, жаудың тусыртына өту әдісін кеңінен қолдануда, сөйтіп дүшпанның әскер бөлімдерінің кері шегінетін жолдарын кесіп тастап, оларды жоюда. Бір батальонымыздың жауынгерлері Латолица өзенінен өтуге әрекеттенген жаудың зенитшілеріне тұтқыйылдан шабуыл жасады. Венгрлердің 52-зенит артиллерия дивизионының барлық жабдығы мен керуені қолға түсірілді. Екінші бір учаскеде жүздеген отрядымыз немістердің артиллерия дивизионына тап беріп, оны талқандады. Дүшпанның 3 артиллерия батареясының зенбіректері бүгін күйінде қолға түсірілді.

Иелгава (Митава) қаласының батыс жағында немістердің танктермен және өздігінен жүретін зеңбіректермен қаруланған жаяу әскер батальоны ұрыспен барлау жасады. Немістер он рет атакаға шықты, алайда кері қуылып тасталды. Жаудың бұл атақаларын тойтара отырып, жауынгерлеріміз 200дей гитлершілді, дүшпанның 5 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегін жойып жіберді. Екінші бір учаскеде совет барлаушылары таянған ерте немістердің траншеяларына тап беріп, оларды алды. Гитлершілдер бүгін күні бойына айырылып қалған шебін қайтарып алуға тырысты. Жаудың қарсы атақалары тойтарылды. Бір батальондай неміс жаяу әскерлері жойылды.

Остроленка қаласының оңтүстік-батыс жағында Н. құрамасының артиллерияшы-

лары дүшпанның тұрған жеріне оқ жаудыра шабуыл жасады. Немістердің 3 атыс бекінісі мен 2 жер үйі қыйратылды, бірнеше пулемет ұясы мен артиллерия батареясы жойылды. Екінші бір учаскеде лейтенант Потгиеноктың басқаруындағы жауынгерлер дүшпанға тұтқыйылдан шабуыл жасап, 40 гитлершілді қырып салды.

Пултускі қаласының оңтүстік жағында екі жақтың да барлаушы топтары қыймыл жасады. Жауынгерлеріміз бір учаскеде түнде немістер тұрған жерге өтіп, гитлершілдер тұрған жер үйді талқандады. Совет барлаушылары жаудан 2 пулемет пен 5 адамды қолға түсіріп, өз бөліміне шығынсыз қайтып келді.

Қызылтулы Балтық флотының авиациясы Лепая (Либавя) порты ауданында немістердің 3 мың тонналық транспорттың суға батырды.

Венгрлердің шекаралық 9-дивизиясының 29-полкындағы 3-батальонның қолға түсірілген командирі Миклош Якаб мынадай мәлімдеді: «Венгрия соғыста ұтылды. Бұл орыс әскерлері Тисса өзенінен өткеннен кейін бәрімізге айқын болды. Венгрияда соңғы уақытта болған оқиғалар армияға қатты әсер етті. Көптеген солдаттар Германия жағында болып соғысуға ашықтан ашық қарсы шығып, армиядан қашып кетіп жатыр».

Венгрлердің 5-сапер батальонындағы 2-ротаның қолға түсірілген кіші лейтенанттары Енэ Мадьяри мен Деже Пап мынадай айтты: «Немістер Венгрияны ұрыс даласына айналдырып, соғыс қыймылдарын біздің жерде соза беруге тырысуда. Немістер Венгрияда өздерін тонаушы етіп көрсетуде, олар Венгрия қалалары мен селоларын тонап, күйзеушілікке ұшыратуда».

Венгрлердің 1-танк дивизиясының 1-моторлы полкындағы 3-батальонның қолға түсірілген командирі Миклош Розгони мынадай айтты: «Соғыс жайында өзім әлгі мелескен офицерлердің бәрі Венгрияның апатқа ұшырау жолында екендігін айтты. Немістер шабуыл жасаушы орыс әскерлерінің жолын венгр солдаттарының өлігімен бөгегісі келеді. Көптеген офицерлер Венгрия қандай жолмен болса да Германиямен қатынасты үзуге тиіс деп есептейді».

Мемлекеттік опера және балет театры ашылды

Ригада қалпына келтірілгеннен кейін, мемлекеттік опера және балет театры ашылды. Алғашқы рет концерт берілді. Концертке театрдың бүкіл коллективі — опера және балет әншілері, хор, симфония оркестрі қатысты. Латвия ССРиға еңбегі

сінген артистер Эльфрида Пакуль және Заходчик Ригаға қайтып келді.

Бірнеше постановкалар, оның ішінде «Травиата» операсы, «Аққу көлі» деген би және басқа постановкалар әзірленді.

(ТАСС).

Ленин тууы

ҚК(Б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, өңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(Б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
26-шы жыл
№ 237
(6938)
1944 жыл
Сәрсенбі
29 ноябрь
Жеке саны
20 тыйын

Интеллигенциямыз техника мен мәдениет жөнінде жаңалықтар табу жолымен батыл алға басуда, қазіргі дәуірдің ғылымын ойдағыдай ілгері өркендетуде, бұл ғылымның табыстарын Қызыл Армия үшін қару-жарақ жасау ісіне тапқырлықпен қолдануда. Совет интеллигенциясы өзінің жемісті еңбегімен жауды талқандау ісіне баға жетпес көмек көрсетті.

И. СТАЛИН.

Көктемгі егіске үлгілі әзірленейік

Сталин жолдас Улы Октябрь социалистік революциясының 27 жылдығы туралы тарихи баяндамасында жауды жеңу кін ел ішінде шыңдап жатқан колхозшы шаруалардың қажірлі еңбегіне жоғары баға берді. Сөйтіп колхозшы шаруаларымыз тағы да жаңа даңққа ие болды. Колхозшы шаруалар отан соғысы күндерінде ардақты Отанымызға шексіз берілгендігін, майдандағы батыр Қызыл Армиямызға барлық күші мен қаржысын көмекке жұмсайтындығын, неміс қарақшыларды біржолата жойып, Берлин үстінде жеңіс туының салтанатпен тігілуін тездету жолынан өздерінің малын да, жанын да аямайтындығын көрсетті.

Колхозшылардың аябай күш жұмсауы арқасында Қызыл Армиямыз бен еліміз азық-түлік жағынан, өнеркәсібіміз шикізат жағынан тапшылық көрмей отыр. «Колхозшы шаруаларымыз өздерінің отан алдындағы борышын толық түсініп, Қызыл Армияның жауды жеңуіне белсенділікпен жарыңдесуде». (И. Сталин).

Кемеңгер көсеміміздің колхозшылардың еңбегіне лайық жоғары баға беруімен өрленген социалистік егін даласының қызметкерлері өздерінің Отанымыз бен майдан алдындағы азаматтық борышын абыроймен орындайтындығы жөнінде серт берді. Мұнымен қатар, олар еңбек майданында жаңа табыстарға жету, ауыл шаруашылық жылын ойдағыдай аяқтау, мемлекет алдындағы бірінші парызды мүлтіксіз орындау, мал басын көбейтіп, оның өнімін арттыра бері, жеңіс қорына жоспардан тыс астық тапсыру және келесі жылдың көктемгі егісіне үлгілі әзірленіп, мол егіннің берік негізін жасау жөнінде ұлғайтылған міндеттемелер алды.

Колхозшылар серті—берік серт. Берген сертті, алған міндеттемені ойдағыдай орындау—колхозшы шаруаларымыздың дәстүріне айналған іс. Сондықтан да олар міндеттемелерін іс жүзінде орындай отырып, алдағы көктемгі егіске әзірлік жұмысын қазірдің өзінде қолға алып отыр. Егіннен тұрақты мол өнім, соғыс уақытының талабына сай өнім алу жолындағы күрес қазіргі кезеңнен басталатындығын олар жақсы біледі.

Егіннен мол өнім алу жолындағы жұмысымыз бен күресіміздің жемісті болуы үшін көктемгі егіс жұмыстарына сақадай-сай даярлықпен кірісіп, оның үлгілі өткізуді қамтамасыз ету ісіне барлық күш-құралды жұмылдыру қажет. Бұл жұмыста бейғамдық, кідіршілік болмауға тиіс. Көктемгі егіске әзірлікте әрбір жұмыс күні өнімді пайдаланылуы керек.

Алдымызда зор міндет тұр. Істелетін жұмыс көлемі жағынан да, көптігі жағынан да алуан-алуан әрі күрделі. Егіс тұқымы толық күйіліп, оның өнгіштік саны арттырылу керек. Барлық тракторлар, соқа-саймандар, жегу әбзелдері тү-

гел жөнделуге тиіс. Күш-көлігі тыйлауды рылып, оның қоны арттырылу керек. Әрбір колхоздың, бригаданың және егіннен мол өнім алушы звеноның күн ілгері жасалған нақтылы жұмыс жоспары болуға тиіс. Көктемгі егіс кезінде әрбір бригаданың мәдени дала қосы болуына, колхозшылар арасында көпшілік-саясат, мәдениет ісінің тығыздықты жүргізілуіне қазірден бастап әзірлік жасау қажет.

Тұқым—мол егіннің негізі. Сондықтан да егіс тұқымы жөнінде қамқорлық жасау—ең басты міндет. Тұқым толық күйілумен қатар, дер кезінде тазартылып, өнгіштігі тексерілуге, мұқият сақталуға тиіс. Дегенмен, жұмыстың бұл саласына облысымыздың кейбір колхоздарында көңіл бөлінбей келеді. Барлық күйілген тұқымның осы уақытқа дейін 186 мың центнері ғана еленіп, тек 22 мың центнері тазартылды. Тұқым тазартатын машиналардың көпшілігі әлі жөнделген жоқ. Бұл басқа заттардан тазартылмаған тұқымның өнгіштігі кем болатындығын, түрлі кеселге тез шалдығып, бүлінетіндігін ескермегендіктен болып отырған кемшілік.

Облысымызда ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын жөндеу жұмысы да айтарлықтай емес. Тіпті бұл жөнінде облыстық жер бөлімі ешбір дерексіз отыр. Бұл оның машина-саймандарды жөндеу мәселесімен шұғылданбағандығын сипаттайды. Бірсыпра колхоздарда түрлі құрал-саймандар далада қар астында жатыр. Оларды ұста дүкендеріне жеткізіп, жөндеу жұмысы әлі қолға алынған жоқ. Бұл сыяқты елеулі кемшілікті дереу жою керек.

Тракторларды жөндеу жұмысының қарқыны мүлде баяу. Айлық жоспар орындалмай келеді. Бірсыпра МТСтардың басшылары «бөгде себептерді» бетке ұстап, жұмысты кешеуілдетіп отыр. Олар өздерінің бұл қылығымен егіс жұмысына нұқсан келтіретіндігін сезбей отыр.

Тракторлармен қатар көлік күші нәурыздың дұрыс, толық пайдаланылса, егіс жұмысының сапалы әрі табысты болатындығы көпке мәлім. Сондықтан күш-көлігі жақсы күтіліп, тыйландырылуға тиіс. Бұл жөнінде комсомол мүшелері мен колхоз жастарының ерекше қамқорлық жасауы керек.

Партия, совет, комсомол ұйымдары, жер орындары, колхоздардың, МТСтар мен совхоздардың басшылары жұмыста болған кемшілікті дереу жойып, көктемгі егіске мінсіз әзірлену ісін қамтамасыз етуге, механизация қызметкерлерін дайындау ісін ерекше көңіл бөлуге міндетті.

Көктемгі егіске барлық жағынан мүлтіксіз әзірленіп, егіс жұмысын майдандағыша өткізуге, сөйтіп, мол егіннің берік негізін жасауға қазір барлық күш-қаржы жұмсалатын болсын.

СТАЛИНГРАДТЫҢ ТРАКТОР ЗАВОДЫ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫ АРТЫҒЫМЕН ОРЫНДАДЫ

Сталинградтың трактор заводы продукция өндірудің жылдық жоспарын артығымен орындады. Трактор жасаушылар Магнитогор және Кузнецкі жұмысшыларының шақыруына жауап ретінде, төртінші тоқсанда, үшінші тоқсандағыға қарағанда, үш есе көп трактор жасап шығаруға, трактор

жасап шығарудың тоқсандық жоспарын үш процент артық орындауға, дизель моторлары мен тракторлар үшін жоспардан тыс қосалқы бөлшектер өндіруге және өз күштерімен жалпы көлемі 5 мың текшеметрлік үйлер салуға міндеттенді.

(ТАСС).

Совет Хабаршы бюросынан

27 НОЯБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕГІ

27 ноябрьде Чехословакия жерінде әскерлеріміз 50ден аса елді жерлерді, оның ішінде ДОЛГОНЯ, СВИДНИЧКА, КРУЖЛОВА, КАТИШОВА, ЛАДОМИРОВА, ШЕМЕТКОВЦЕ, МАЛЫЙ және ВЕЛИКИЙ ТАШКОВЦЕ, НИЖНЯЯ ОЛЬКА, ГРАБОВЕЦ, НАЦИНА ВЕС, МИШКОВЦЕ, ГАТАЛОВ, ДУБРОВКА, ОБОРИН, СЕН-КЕШ қыстақтары мен РАДВАНЬ, КОЛКОВЦЕ, ВЕЛИКИЙ ГИРЕШ, СТРАЖНЕ, темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

26 ноябрьде әскерлеріміз немістердің 21 танкін қыйратты, жойды.

Чехословакияда әскерлеріміз ұрыс сала отырып, 10 километрдей алға бақты. Гуманно қаласының солтүстік жағында темір жолдың көп жері немістерден тазартылды. Дүшпан кері шегініп бара жатып жолдарға мина қойып, көпірлерді талқандады. Совет жаяу әскерлері таулардан және көптеген өзендерден өтіп, гитлершілдерді тықсырып, қудалауда. Сөйтіп оларды адам күші және техника жағынан орасан көп шығынға ұшыратуда. Әскерлеріміз Лаборец өзенінен өтіп, оның батыс жағалауындағы біреуіра қыстақтарды алды. Немістердің 470 солдатты мен офицері қолға түсірілді. Жаудан 15 зеңбірек, 35 миномет тағы басқа олжа қолға түсірілді.

Ужгород қаласының батыс жағында бөлімдеріміз су басқан ойпат жер алабында шабуыл жасап барады. Совет бөлімшелері жердің лайсан болып, жолдың бузылуына қарамастан, жаудың тусыртына өту әдісін кеңінен қолдануда, сөйтіп дүшпанның әскер бөлімдерінің кері шегінетін жолдарын кесіп тастап, оларды жоюда. Бір батальонның жауынгерлері Латолица өзенінен өтуге әрекеттенген жаудың зенитшілеріне тұтқыйылдан шабуыл жасады. Венгрлердің 52-зенит артиллерия дивизионының барлық жабдығы мен керуені қолға түсірілді. Екінші бір учаскеде жүздеген отрядымыз немістердің артиллерия дивизионына тап беріп, оны талқандады. Дүшпанның 3 артиллерия батареясының зенбіректері бүгін күйінде қолға түсірілді.

Иелгава (Митава) қаласының батыс жағында немістердің танктермен және өздігінен жүретін зеңбіректермен қаруланған жаяу әскер батальоны ұрыспен барлау жасады. Немістер он рет атакаға шықты, алайда кері қуылып тасталды. Жаудың бұл атақаларын тойтара отырып, жауынгерлеріміз 200дей гитлершілді, дүшпанның 5 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегін жойып жіберді. Екінші бір учаскеде совет барлаушылары тәртен ерте немістердің траншеяларына тап беріп, оларды алды. Гитлершілдер бүгін күні бойына айырылып қалған шебін қайтарып алуға тырысты. Жаудың қарсы атақалары тойтарылды. Бір батальондай неміс жаяу әскерлері жойылды.

Остроленка қаласының оңтүстік-батыс жағында Н. құрамасының артиллерияшы-

лары дүшпанның тұрған жеріне оқ жаудыра шабуыл жасады. Немістердің 3 атыс бекінісі мен 2 жер үйі қыйратылды, бірнеше пулемет ұясы мен артиллерия батареясы жойылды. Екінші бір учаскеде лейтенант Потгиеноктың басқаруындағы жауынгерлер дүшпанға тұтқыйылдан шабуыл жасап, 40 гитлершілді қырып салды.

Пултускі қаласының оңтүстік жағында екі жақтың да барлаушы топтары қыймыл жасады. Жауынгерлеріміз бір учаскеде түнде немістер тұрған жерге өтіп, гитлершілдер тұрған жер үйді талқандады. Совет барлаушылары жаудан 2 пулемет пен 5 адамды қолға түсіріп, өз бөліміне шығынсыз қайтып келді.

Қызылтулы Балтық флотының авиациясы Лепая (Либавя) порты ауданында немістердің 3 мың тонналық транспорттың суға батырды.

Венгрлердің шекаралық 9-дивизиясының 29-полкындағы 3-батальонның қолға түсірілген командирі Миклош Якаб мынаны мәлімдеді: «Венгрия соғыста ұтылды. Бұл орыс әскерлері Тисса өзенінен өткеннен кейін бәрімізге айқын болды. Венгрияда соңғы уақытта болған оқыйғалар армияға қатты әсер етті. Көптеген солдаттар Германия жағында болып соғысуға ашықтан ашық қарсы шығып, армиядан қашып кетіп жатыр».

Венгрлердің 5-сапер батальонындағы 2-ротаның қолға түсірілген кіші лейтенанттары Енэ Мадьяри мен Деже Пал мынаны айтты: «Немістер Венгрияны ұрыс даласына айналдырып, соғыс қыймылдарын біздің жерде соза беруге тырысуда. Немістер Венгрияда өздері тонаушы етіп көрсетуде, олар Венгрия қалалары мен селоларын тонап, күйзеушілікке ұшыратуда».

Венгрлердің 1-танк дивизиясының 1-моторлы полкындағы 3-батальонның қолға түсірілген командирі Миклош Розгони мынаны айтты: «Соғыс жайында өзім әлгі мелескен офицерлердің бәрі Венгрияның апатқа ұшырау жолында екендігін айтты. Немістер шабуыл жасаушы орыс әскерлерінің жолын венгр солдаттарының өлігімен бөгегісі келеді. Көптеген офицерлер Венгрия қандай жолмен болса да Германиямен қатынасты үзуге тиіс деп есептейді».

Мемлекеттік опера және балет театры ашылды

Ригада қалпына келтірілгеннен кейін, мемлекеттік опера және балет театры ашылды. Алғашқы рет концерт берілді. Концертке театрдың бүкіл коллективі—опера және балет әншілері, хор, симфония оркестрі қатысты. Латвия ССРи еңбегі

сінген артистер Эльфрида Пакуль және Заходчик Ригаға қайтып келді.

Бірнеше постановкалар, оның ішінде «Травиата» операсы, «Аққу көлі» деген би және басқа постановкалар әзірленді.

(ТАСС).

Социалистік жарыс кеңінен өрістеуде

Магнитогордың Сталин атындағы Ленин орденді металлургия комбинаты жұмысшыларының шақыруын Н. заводдың жұмысшылары мен инженер-техниктері қошеметпен қарсы алды. Жұмысшылар мен шеберлер социалистік жарысқа жаппай ұштасып, нақтылы міндеттемелер алды.

Глушков жолдас басқарған цех социалистік жарысқа бірінші болып қосылды. Цех коллективі жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін еңбек өнімін 5 процент арттырып, өндіріс мамандығын үйреніп жүрген 30 жұмысшының іскерлігін арттыруға, жұмыс сапасын анағұрлым жақсартуға бір ауыздан уәде берді.

Партия мүшесі Безбородов жолдас басқарған учаске социалистік жарыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ міндеттемені ойдағыдай орындауда. Бұл учаске жұмысты график бойынша істеп, күнделік жоспарды үнемі артық орындауда. Шеберлер Бородин, Малахов және Юрин жолдастар мөлшерді үнемі 150—200 процент орындайды.

Игнатов жолдас бастық болып істейтін цехтың жұмысшылары да зор табысқа жетті. Баранов жолдастың басқаруындағы комсомол-жастар бригадасының мүшелері қажірлі еңбек істеуде. Бригада әр дайым үш норма орындайды. Бұл бригадамен жарысқа түскен Лезина жолдастың басқаруындағы бригада мүшелері уәдесін аяқпен орындап жүр. Олар тапсырманы 200—300 процент орындайды.

Е. ЖОЛДЫБАЕВ.

Жүк тасу және паровоз жөндеу жоспарын артық орындады

Петропавл депосының жұмысшылары 25 ноябрьге дейін, жүк тасу, паровоз жөндеу жұмыстарының айлық жоспарын едәуір артық орындап, 26 тонна көмір үнемдеді.

Бас машинаны Батталов жолдастың паровоз бригадасы өндірістік зор табысқа ие болды. Бұл бригада жұмыс мөлшерін үнемі 110—150 процент орындап, ай сайын 20—25 тонна көмір үнемдейді. Батталов жолдастың көмекшісі Коновалов жолдас та айтарлықтай жұмыс істеп жүр. Ол ноябрь айында 15 тонна көмір үнемдеді.

Маликов жолдастың басқаруындағы паровозшылар бригадасы магнитогорлықтардың шақыруына өндірістік жана табыстармен жауап беру үшін социалистік жарысқа жаппай ұштасып, ноябрь айындағы өндірістік тапсырманы 25 ноябрьге дейін толық орындады. Бригада мүшелері өздерінің жұмыстан бос уақытында жоспардан тыс бір паровоз жөндеп шығарды.

Е. МАЛАЕВ.

АЙЛЫҚ ЖОСПАР ТОЛЫҚ ОРЫНДАЛДЫ

Мамонтов жолдас директор болып істейтін завод ноябрь айындағы өндірістік жоспарды толық орындады. Андреев жолдастың басқаруындағы Қызылтулы цехтың жұмысшылары ноябрь айының өндірістік жоспарын 150 процент, Еременко, және Денисова жолдастардың басқаруындағы бригада 130 процент, Леонова, Бутякова, Гайворон және Хамидуллина жолдастардың сменалары айлық тапсырманы 120 процент орындады.

Завод коллективі қол жеткен табысты баянды етіп, жыл аяғына дейін жоспардан тыс едәуір бұйым өндіруге міндеттенді.

Ә. КЕТЕБАЕВА.

БАТЫР ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫҢ ДАҢҚТЫ ЖЕҢІСТЕРІНЕ ЖОСПАРДАН ТЫС АСТЫҚТЫ ЕСЕЛЕП МОЛ ТАПСЫРУМЕН ЖАУАП БЕРЕЙІК!

Облысымызда астық тапсырудың барысы

Одақтық Дайындау Халық Комиссариаты облыстық өкілінің 25 ноябрьдегі мәліметі бойынша, облысымыздың колхоздары мен совхоздарында астық тапсыру жоспары 78,4 процент орындалды. Астық дайындау жоспарын Петропавл ауданы 107,9 процент, Совет ауданы 106,4 про-

цент және Полудень ауданы 106 процент орындады.

Астық дайындауда Соколов, Конохов, Приешім және Ленин аудандары артта қалды. Соколов ауданы соңғы бес күнде мемлекетке бірде-бір центнер астық тапсырған жоқ. Мұнда жоспар небары 43,3 процент ғана орындалды.

ИГІЛІКТІ БАСТАМА БОЙЫНША

Приешім ауданының колхоздарында Совет ауданындағы Киров атындағы колхоз мүшелерінің үндеуі қызу талқыланып, жеңіс қорына астық еселеп мол тапсырылуда.

Жеңіс қорына жеке меншіктер астық тапсырудың алғашқы күндерінде «Красный интернационал» колхозының мүшелері 25 пұт, «12 лет октября» колхозының мү-

шелері 23 пұт. Киров атындағы колхоздың мүшелері 25 пұт астық тапсырды «Красный интернационал» колхозының 65 жастағы қарт мүшесі, екі майданшының әкесі Кузьма Любых қарт жеңіс қорына 3 пұт астық тапсырып, бұл игілікті іске барлық колхозшыларды жаппай қатысуға шақырды.

МТС жұмысшыларының отаншылдығы

Коновалов МТСның тракторшылары (Октябрь ауданы) жұмыс аяғынан кейін мәслихатқа жыйналып, көмеңгер көсеміміз Сталин жолдастың тарихи баяндамасын тыңдады. Олар Сталин жолдастың қарапайым сөздерін зейін сала тыңдап, көсемнің шақыруына іспен жауап беретіндіктерін білдірді.

Мәслихатта трактор отрядының бригадирі Самойленко жолдас сөз сөйлеп, былай деді:

—Көмеңгер көсеміміз Сталин жолдас өзінің тарихи баяндамасында ел еңбекшілерін майданға жан аямай көмектесе беруге, Қызыл Армияға ауыл шаруашылық өнімдерін еселеп мол беруге шақырды.

Мен көсеміміздің бұл шақыруына жауап ретінде Қызыл Армия қорына еңбекпен тапқан астығымның 12 пұтын беремін.

Самойленко жолдастан кейін бригадир Жинко жолдас сөз сөйлеп, жеңіс қорына 18 пұт астық тапсыратындығын айтты. Бұл үлгіні Матцевич және Ранш жолдастар қызу қолдап, олардың әр қайсысы батыр Қызыл Армия қорына 12 пұт астық тапсырды.

МТСның тракторшылары өздерінің жеке меншіктерінен жеңіс қорына 87,5 пұт астық тапсырып, Торанғұл және Ворошилов атындағы МТСтардың тракторшыларын социалистік жарысқа шақырды.

С. САРҚАМЫСОВ.

ҚЫЗЫЛ АРМИЯ ҚОРЫНА

Ленин ауданындағы «Проводник» ауыл шаруашылық артелінде колхоз активінің жыйылысы болып өтті. Актив Совет ауданының Киров атындағы колхозы мүшелерінің Қызыл Армия қорына жеке меншіктен астық тапсыру жөніндегі үндеуін талқылады.

Жыйылыста колхоз председателі Борисевич жолдас сөз сөйлеп, былай деді.

—Киров атындағы колхоздың мүшелері тамаша игілікті бастамаға жаршы болды. Бұл бастамадан біздің де тыс қалмауымыз

керек. Жеке меншігімізден астық тапсырумен Қызыл Армияның астық қорын молайта берейік.

Ворисевич жолдас жеңіс қорына 6 пұт бидай берді. Майданшының әкесі, 60 жастағы Андрей Головенко жеңіс қорына 3 пұт астық және 12 пұт картоф тапсырды.

Колхоз мүшелері кировшілердің игілікті бастамасын жаппай қолдай отырып, жеңіс қорына 50 пұт астық және 60 пұт картоф өткізді.

Ф. ЯКОВЛЕВ.

Жұмыс қарқыны күшеюде

Н. заводдың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлер коллективі Магнитогор мен Кузнецкий Сталин атындағы Ленин орденді комбинаты жұмысшыларының үндеуін бір ауыздан қолдады. Сөйтіп социалистік жарыста бұрынғыдан да қажірлі еңбек істеуге серт берді.

Малок жолдас бастық болып істейтін цехтың жұмысшылары майдан үшін жаная май жұмыс істеп, ноябрь айының 20 күндік өндірістік жоспарын едәуір артығымен орындап, жоспардан тыс көптеген сапалы заттар өндірді. Сөйтіп завод дирекциясының ауыспалы Қызыл туына ие болды.

Романцов жолдас басқарған цехтың коллективі данышпан көсеміміз Сталин жолдастың тарихи баяндамасына іспен жауап беру жолындағы социалистік жарыста тамаша табыстарға ие болды. Олар ноябрь айының 20 күндік жұмыс тапсырмасын 106 процент орындады.

Золотин жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасының мүшелері де еңбек өнімін күн санап арттыруда. Бұл цех тап-

сырманы 150—200 процент орындап келеді. Заводтың Захаров және Коновалов жолдастар сыяқты озат жұмысшылары стахановшылар қатарына қосылды. Олар күн сайын жұмыс мөлшерін біржарым есе орындауда.

Заводтың инженер, техниктері жас жұмысшыларға өндіріс техникасын үздіксіз үйретіп, олардың өнегелі еңбек істеуіне көмектеседі. Соның нәтижесінде Курапов, Мельников жолдастар күнделік жұмыс мөлшерін 130 процент орындап жүр.

Завод жұмысшылары арасында үгіт-көпшілік жұмысы пәрменді түрде жүргізілуде. Әрбір цехта үгітшілер тобы ұйымдастырылды. Бұл үйірмелерге цехтың барлық жұмысшылары қатынасады. Үгітшілер Сталин жолдастың тарихи баяндамасын үйретіп, оларды қажірлі еңбек істеуге жігерлендіреді.

Завод коллективі қол жеткен табысты баянды етіп, жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін күш жұмсауда.

Т. АСАНОВ.

Американың „Ушушы қамал“ бомбашыларының Токиого шабуылы

НЬЮ-ЙОРК, 24 ноябрь. (ТАСС). АҚШ соғыс министрлігінің хабары бойынша, «Ушушы қамал» бомбашыларының ірі күштері бүгін Токиого шабуыл жасады. Бомбасшылар Сайпан аралындағы (Мариан аралдары) базалардан ұшып шығып, күндіз шабуыл жасады.

Америка армиясының соғыс-әуе күштерінің қолбасшысы генерал Арнольд қазір бұкіл Жапония империясының американо-самолеттері қыймыл жасайтын өңірде екендігін мәлімдеді. Соңғы шабуылда Токио өнеркәсібіне қатты зиян келтірілді.

ТОКИО, 24 ноябрь. (ТАСС). Жапонияның империялық ставкасының Домей Цусин берген хабарында былай делінген: «Мариан аралдарынан ұшып шыққан американо-бомбашылары бұ іні топ-тобымен биікке ұшып, астана ауданына шабуыл жасады. Шабуыл екі сағаттай уақытқа созылды». Хабарда шабуылға 70 бомбашының қатысқандығы айтылған.

АҚШтың мемлекеттік секретарі Корделл Хэлл орнынан түсті

ВАШИНГТОН, 27 ноябрь. (ТАСС). Баспасөз өкілдерінің арнаулы конференциясында бас министр Рузвельт, Хэллдің науқас болуы себепті АҚШтың мемлекеттік секретарі қызметінен түскендігін жариялады. Рузвельт, Хэллдің орнынан түсуіне өте қынжылғандығын мәлімдеді.

Будан кейін Рузвельт, Хэллдің Ақ Үймен байланыс жасап тұратындығын және президенттің саяси мәселелер жөніндегі ақылшысы болатындығын атап көрсетті.

Эдуард Стеттиниус АҚШтың мемлекеттік секретарі болып тағайындалды

ВАШИНГТОН, 27 ноябрь. (ТАСС). Президент Рузвельт орнынан түскен Хэллдің орнына Эдуард Стеттиниусты АҚШтың мемлекеттік секретарі етіп тағайындады.

Голландия отаншылары атақты суретшілердің суреттерін сақтап қалды

ЛОНДОН, 27 ноябрь. (ТАСС). Лондон радиосының хабары бойынша, 1940 жылғы май айында Голландия отаншылары теңіз жағалауындағы бір кішкене қыстақта атақты Фламанд шеберлері—Рембрандтың, Рубенстың, Галстегі және басқалардың салған суреттерін немістерден жасырып қойды. Бұдан соң бұл суреттер Маас өзенінің маңындағы қыстақтардың біріндегі жер үйге апарып қойылды. Суреттер неміс оккупациясы кезінде де осында сақталды. Немістер оларды таба алмады. Суреттер қы уақытқа дейін бар. Қазір, немістер қуып шығарылғаннан кейін суреттер жер үйлерден алынды.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.

«Октябрь» кино-театрында

Бүгін және күн сайын

«БҮГІНГІ КҮННІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ» Деген көркем суретті дыбысты фильм көрсетіледі.

Сеанстар кешкі сағат 6-8-10-да басталады. Касса күндізгі сағат 3-тен бастап ашық.

«Ударник» кино-театрында

Бүгін және күн сайын

«КИНО КОНЦЕРТ»

Деген көркем суретті дыбысты фильм көрсетіледі.

Сеанстар кешкі сағат 6-8-10-да басталады. Касса күндізгі сағат 3-тен бастап ашық.

«Облветснабқа» бухгалтер, атшы, шаруашылық бөлімінің меңгерушісі КЕРЕК. Адрес: Карл Маркс көшесі, 10-үй.